

ӘОЖ 81’42:070

ҒТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.006>

ҚАЗІРГІ МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ГОНЗО-РЕПОРТАЖ

Әбенова П.М.¹, *Қожбаева Г.К.²

^{1, *2} Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі медиакеңістікте журналистиканың дәстүрлі баяндау үлгілері трансформацияға ұшырап, авторлық субъективтілікке негізделген жаңа жанрлар қалыптасуда. Осындай бағыттардың бірі – гонзо-журналистика, ол ақпаратты бейтарап жеткізуден гөрі автордың жеке тәжірибесі мен эмоциялық қабылдауына сүйенетін баяндау моделі ретінде ерекшеленеді. Бұл жанрда журналист оқиғаға сырттай бақылаушы емес, тікелей қатысушы әрі интерпретатор ретінде көрінеді. Осыған байланысты гонзо-журналистиканы теориялық және қолданбалы тұрғыдан зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – гонзо-журналистиканы қазіргі медиакеңістіктегі дербес жанр ретінде сипаттап, оның қалыптасу алғышарттарын, тілдік-стильдік ерекшеліктерін және қазақстандық медиамәдениеттегі көрінісін айқындау. Зерттеу барысында лингвостилистикалық және салыстырмалы-сипаттамалы әдістер қолданылып, Х. С. Томпсон шығармалары негізінде репрезентативті мәтіндер корпусына талдау жасалды. Сонымен қатар гонзо-журналистика дәстүрлі репортаж үлгілерімен салыстырылып, оның дискурстық және прагматикалық ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу барысында гонзо-журналистиканың жанрлық табиғаты, тілдік-стильдік ерекшеліктері және қазіргі медиакеңістіктегі қызметі талданды. Негізгі міндеттер ретінде гонзо-журналистиканың қалыптасу алғышарттарын айқындау, оның дәстүрлі репортаждан айырмашылығын анықтау, гонзо мәтіндеріне тән тілдік және дискурстық белгілерді жүйелеу, сондай-ақ қазақстандық медиадағы гонзо элементтерінің көрінісін сипаттау қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде гонзо мәтіндерге тән негізгі белгілер ретінде бірінші жақтағы баяндау, авторлық субъективтіліктің басымдығы, экспрессивті лексика, гипербола мен иронияның белсенді қолданылуы, сондай-ақ синтаксистік еркіндік пен ауызекі сөйлеу элементтері айқындалды. Талдау көрсеткендей, гонзо-журналистика ақпаратты жеткізудің ғана емес, авторлық тәжірибені интерпретациялаудың ерекше дискурстық формасы болып табылады. Сонымен бірге қазақстандық медиакеңістікте гонзо элементтерінің фрагментарлы түрде көрініс табатыны анықталды, бұл оның әлі толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы гонзо-журналистиканың жанрлық

табиғатын лингвостилистикалық тұрғыдан жүйелеуінде және оны қазіргі медиадискурстың трансформациялық құбылысы ретінде негіздеуінде көрінеді. Зерттеудің теориялық маңызы – журналистикадағы субъективті баяндау моделін түсіндіруде, ал практикалық маңызы – алынған нәтижелерді медиамәтіндерді талдау, аударматану және медиабілім беру үдерісінде қолдану мүмкіндігінде.

Тірек сөздер: гонзо-журналистика, гонзо-репортаж, авторлық субъективтілік, нарратив, медиамәдениет, медиа мәтіндердің лингвостилистикалық талдауы, медиа аудармасы, қазақстандық медиа кеңістік

Кіріспе

Гонзо-журналистиканың пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес. Бұл бағыт ХХ ғасырдың екінші жартысында қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеруімен, жекелік тәжірибеге деген қызығушылықтың артуымен және ресми дискурсқа деген сенімнің әлсіреуімен тікелей байланысты қалыптасты. Ақпаратты бейтарап жеткізуге негізделген классикалық журналистика қоғамдық шындықтың барлық қырын қамти алмайтыны белгілі бола бастаған кезеңде, авторлық субъективтілік пен эмоциялық тәжірибеге сүйенген баяндау формаларына сұраныс күшейді. Осы жағдайда гонзо-журналистика әдеби-публицистикалық эксперимент шеңберінен шығып, қазіргі медиамәдениеттің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Соған қарамастан, отандық ғылыми кеңістікте гонзо-журналистика көбіне эпизодтық түрде ғана қарастырылып келеді. Оның жанрлық табиғаты, тілдік-стильдік сипаты және медиамәдениеттегі қызметі жүйелі ғылыми талдауға толық түсе қойған жоқ. Көп жағдайда гонзо журналистика жеке авторлардың шығармашылық ерекшелігімен немесе стильдік ауытқу ретінде ғана бағаланып, дербес медиажанр ретіндегі әлеуеті назардан тыс қалып отыр. Бұл жағдай аталмыш бағытты теориялық тұрғыдан тереңірек зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Аталмыш мақалада гонзо-журналистиканың қазіргі медиакеңістіктегі дербес жанр ретіндегі орны, оның қалыптасу алғышарттары, жанрлық ерекшеліктері және оқырман санасына ықпалы қарастырылады. Зерттеу барысында гонзо-журналистиканың дәстүрлі журналистикадан айырмашылығы, авторлық субъективтіліктің мәтін құрылымындағы қызметі және жанрдың цифрлық медиадағы қызмет ету ерекшеліктері талданады.

Гонзо-журналистиканың тарихына үңілсек, бұл бағыт журналистиканың ішкі эволюциясынан туындаған құбылыс ретінде танылады. Ол бір сәттік әдеби тәжірибе емес, журналистік танымның өзгеруіне жауап ретінде қалыптасқан бағыт болып саналады. Ғылыми әдебиеттерде гонзо көбіне *жаңа журналистика* дәстүрімен байланыстырылады [1]. Себебі дәл осы ағым аясында дерек пен көркем

баяндау, факт пен субъективті қабылдау бір мәтіннің ішінде қатар қолданылып, журналистиканың баяндау мүмкіндіктері кеңейе түсті. Т.Вулф, Н.Мейлер, Т.Капоте – сынды авторлар журналистиканы ақпарат жеткізудің ғана емес, эстетикалық баяндаудың формасы ретінде дамытты. Ал осы үрдістің ең шегіне жеткен көрінісі ретінде Х. Томпсонның шығармашылығы бағаланады. Жалпы гонзо сөзінің мағынасына қарайтын болсақ, *gonzo* – ол итальян тілінен шыққан сөз, алғашында ағылшын тіліне жастар арасында қолданылатын сленг ретінде енген, кейін журналистикада ресми түрде жаңа журналистиканың бір тармағы осы сөзбен аталды. Ағылшын тіліндегі Merriam Webster сөздігіне жүгінетін болсақ, онда *gonzo* – *bizarre*, *outrages* деген сөздермен мағыналас қолданылады, ал М. Шындалиеваның пайымдауынша, *gonzo* қазақ тілінде *ecciz* деген мағынаға ие болады [2, 137 б.]. Термин ретінде, әсересе журналистика саласында оның мағынасы мүлдем басқа. Тольғырақ айтқанда, жаңа журналистиканың бір бөлігі болып табылатын гонзо-журналистика – журналистік баяндаудың айқын субъективті моделіне негізделеді. Мұнда тілші дәстүрлі ақпарат жеткізуші немесе сырттай бақылаушы қызметімен шектелмей, сипатталып отырған жағдайдың тікелей қатысушысы әрі интерпретаторы ретінде көрінеді. Автор оқиғаға өзінің жеке көзқарасын, эмоциялық реакциясын және бағалау ұстанымын ашық енгізу арқылы мәтіннің мағыналық аясын кеңейтіп, шынайылықты жеке тәжірибе тұрғысынан танытуға ұмтылады.

Бұл бағыттағы публицистикалық мәтіндерде деректік материал көркемдік-экспрессивтік құралдармен ұштасып ирония, юмор, сарказм және гипербола сияқты стилистикалық тәсілдер кеңінен қолданылады. Кей жағдайларда әсерлілік пен эмоциялық қарқындылықты күшейту мақсатында ауызекі немесе дөрекі лексика элементтерінің де енгізілуі ықтимал.

Д.Е.Жұмабаева мен А.А.Загидуллинаның пікірінше, публицистика тілі тек ақпараттық емес, сонымен қатар экспрессивтік, прагматикалық және құндылықтық бағыттағы қызметтерді атқарып, бұқаралық санаға ықпал ететін қуатты құралға айналады. Публицистикалық мәтіндерде қолданылатын риторикалық ықпал тетіктеріне эмоциялық-бағалаушылық лексика, метафоралар және басқа да экспрессивтік тілдік құралдар жатады [3, 183 б.]. Бұл тұжырым гонзо-журналистиканың тек стильдік ерекшелік қана емес, сонымен қатар заманауи медиадискурстағы прагматикалық және құндылықтық функцияларды жүзеге асырудың маңызды формасы екенін айқындайды. Риторикалық ықпал ету тетіктері ретінде қарастырылатын эмоциялық-бағалаушылық лексика мен экспрессивті құралдар гонзо-мәтіндерде авторлық субъективтілікті нығайтып, ақпаратты тек жеткізуші емес, оны белгілі бір идеологиялық шеңберде интерпретациялаушы құрал ретінде қызмет етеді. Осылайша, гонзо-репортаждардағы тілдік эксперименттер бұқаралық санаға әсер етудің жүйелі риторикалық стратегиясының көрінісі болып табылады.

Осылайша, гонзо-журналистиканың жанрлық табиғатын, тілдік-стильдік ерекшеліктерін және медиамәдениеттегі орнын айқындау оны тек журналистика теориясы аясында ғана емес, аударматану тұрғысынан да қарастыру қажеттігін көрсетеді. Әсіресе ағылшынтілді гонзо мәтіндерін қазақ тіліне аудару барысында авторлық субъективтілік, мәдени ишаралар, экспрессивті лексика мен стилистикалық тәсілдерді жеткізу мәселесі өзекті сипатқа ие болады.

Гонзо-журналистика шетелдік ғылыми кеңістікте кеңінен зерттелген бағыттардың бірі болып табылады. Бұл жанрдың теориялық және публицистикалық негіздері Т. Вулф, Т. Капоте, Н. Мейлер мен С. Хувер – сынды зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылып, ағылшын тілді журналистика аясында жан-жақты талданған. Сонымен қатар, Ж.-К. Килли, Б.Хект және Ж.Горбах еңбектерінде гонзо-журналистика мәтіндерінің тілдік құрылымы, авторлық субъективтілік, дискурстық ерекшеліктер және жанрдың филологиялық сипаты зерттеу нысанына айналған.

Алайда қазіргі аударматану ғылымында гонзо-журналистиканы лингвомәдени және аударматанулық тұрғыдан арнайы қарастырған зерттеулердің саны шектеулі. Әсіресе гонзо-мәтіндердің аудармадағы прагматикалық әсерін, авторлық интенциясын, субъективті баяндау құрылымын және мәдени кодтарын сақтау мәселелері жүйелі түрде зерттелмеген. Осыған байланысты аталған мақала гонзо-журналистиканы аударматану және медиадискурс аясында кешенді түрде қарастыруымен ғылыми тұрғыдан өзекті әрі жаңашыл зерттеу болып табылады.

Осыған байланысты, аталған мақала лингвомәдени бағыттағы аударматану шеңберінде ағылшын тіліндегі гонзо-журналистиканы қазақ тіліне аудару мәселелерін қарастыруға бағытталған ғылыми еңбек ретінде ұсынылады. Зерттеуде гонзо-репортажды ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару үдерісіне талдау жасалып, авторлық интонацияны, эмоциялық реңкті және мәдени контексті жеткізудің ерекшеліктері сараланады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысы гонзо мәтіндерінің мағыналық және тілдік ерекшеліктеріне терең талдау жасау мақсатында жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде ағылшын тіліндегі гонзо-журналистиканың классикалық үлгілері – Х.Томпсонның публицистикалық шығармалары оның ішінде, 1967 жылы басылып шыққан мотоциклшілердің өмір салты, құндылықтары туралы жазылған туынды *Hell's Angels*, 1983 жылы жарық көрген, Гавайи аралдарында өткен спорттық жарысқа арналған *The Curse of Lono* [4] кітабы, 1988 жылы басылып шыққан АҚШ саясатына арналған *Generation of Swine* [5] туындысы мен 1997 жылғы *The Proud Highway* [6] атты хаттар жиынтығы сияқты жұмыстары зерделеніп, қарастырылды. Зерттеу барысында 136 үзінді мысал ретінде алынды, ондағы мәтіндер гонзо

стилінің тілдік, композициялық және дискурстық ерекшеліктерін айқын көрсететін репрезентативті корпус ретінде қарастырылды.

Іріктеу барысында бірінші жақтағы баяндау, автордың экспрессивті сөздері, бағалауыш лексика, ирония мен сарказм, гиперболалық бейнелеу және ауызекі сөйлеу элементтері секілді гонзоға тән белгілер қамтылған фрагменттер таңдалды. Талдау бірліктері ретінде нарративтік үзінділер, авторлық комментарийлер және репортаждық сипаттағы эпизодтар алынды.

Зерттеудің негізгі әдісі – лингвостилистикалық талдау. Бұл әдіс арқылы мәтіндегі троптар мен көркемдік құралдары мен эмоционалды-экспрессивті лексиканың, ауызекі сөйлеу элементтерінің және синтаксистік еркіндіктің қызметі сарапталды. Талдау барысында аталған тілдік құралдардың авторлық субъективтілікті қалыптастырудағы рөлі, мәтіннің бағалауыш сипатын күшейту тәсілдері және оқырманға ықпал ету механизмдері анықталды.

Сонымен қатар салыстырмалы-сипаттамалы әдіс қолданылып, гонзо-журналистика дәстүрлі репортаж және классикалық объективті журналистика үлгілерімен салыстырылды. Салыстыру барысында баяндау позициясы, дерек пен интерпретация арақатынасы, композициялық құрылым және стилистикалық таңдау ерекшеліктері назарға алынды. Бұл тәсіл гонзо мәтіннің жанрлық шекарасын нақтылауға мүмкіндік берді.

Қолданылған әдістер кешені гонзо-журналистиканың жанрлық, тілдік және коммуникативтік ерекшеліктерін жүйелі түрде сипаттауға, сондай-ақ оны қазіргі медиакеңістіктегі авторлық публицистиканың дербес формасы ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеушілер гонзо-журналистиканың пайда болуын өткен ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістермен байланыстырады. Бұл кезеңде ресми дискурсқа деген сенім әлсіреп, бейтарап тіл шынайылықты толық жеткізе алмайды деген түсінік қалыптасты. Осындай жағдайда субъективті, эмоциялық және ашық авторлық дауыс оқырман үшін сенімдірек естіліп, шындықты жеткізудің балама тәсілі ретінде қабылдана бастады.

Гонзо-журналистиканың қалыптасуы мен эволюциясын арнайы зерттеген ғылыми еңбектер саны шектеулі екені зерттеушілер еңбектерінде жиі атап көрсетіледі. Бұл мәселені С. Хувер де көтеріп, әлемдік журналистика теориясында гонзо-журналистика дербес зерттеу нысаны ретінде сирек қарастырылатынын, соның салдарынан оның жанрлық-стильдік ерекшеліктері жүйелі әрі кешенді талдауға толық түсе қоймағанын атап өтеді [7]. Ғалымның пікірінше, гонзо-журналистиканың субъективті баяндау тәсілі, авторлық *меннің* мәтіндегі белсенді позициясы және деректілік пен көркемдік элементтердің тоғысуы оның күрделі жанрлық

табиғатын айқындайды әрі бұл құбылысты терең теориялық зерделеуді қажет етеді.

Сонымен қатар, соңғы жылдары батыстық және ресейлік ғылыми әдебиеттерде гонзо феноменін түрлі қырынан – медиатекст поэтикасы, постмодернистік дискурс, авторлық стратегия, нарративтік құрылым тұрғысынан – қарастырған зерттеулердің пайда болуы аталған бағытқа деген ғылыми қызығушылықтың арта бастағанын көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, гонзо-журналистиканы қазіргі медиакөңістіктегі трансформациялық үдерістермен сабақтастыра зерттеуге мүмкіндік береді.

Гонзо-журналистиканы зерттеуде Х. Томпсонның публицистикалық мұрасы негізгі дереккөздердің бірі ретінде қарастырылады. Зерттеушілер оның мәтіндерінде репортаж, эссе, күнделік және көркем баяндау элементтерінің біртұтас жүйеге бірігетінін атап өтеді. Томпсон шығармашылығы журналистиканың классикалық объективтілік қағидасын қайта қарастыруға ықпал етіп, автордың жеке тәжірибесін дерекпен тең деңгейде ұсыну мүмкіндігін көрсеткен [8, 328 б.].

Гонзо-журналистиканың теориялық негіздерін айқындауда Т. Вулфтің еңбектері маңызды орын алады. Ол *жаңа журналистика* тұжырымдамасын дамыта отырып, журналистік мәтінде авторлық интонацияның, көркем баяндаудың және субъективті қабылдаудың рөлін күшейтті [1, 108 б.].

Т. Вулфтің пікірінше, журналист шындықты тек тіркеуші емес, оны интерпретациялаушы тұлға ретінде көрінуі тиіс. Бұл көзқарас кейіннен гонзо-журналистиканың негізгі қағидаларының бірі ретінде орнықты.

Бұл теориялық алғышарттар 1960-1970 жылдары айқын көрініс тапты. Атап айтқанда, *Scanlan's Monthly* журналының қызметі дәстүрлі журналистика мен жаңа журналистика арасындағы байланысты тек теориялық пайым емес, нақты редакциялық тәжірибе арқылы бекітті. Журнал бетінде жарияланған материалдар авторлық позицияның күшеюін, репортердің оқиғаға тікелей араласуын және баяндаудың көркемдік құрылымын алдыңғы орынға шығарды.

Осы контексте Х. Томпсонның публицистикалық тәжірибесі ерекше мәнге ие болды. Оның Олимпиада чемпионы Ж.-К. Килли туралы мақаласы мен кейінірек жарық көрген *The Kentucky Derby Is Decadent and Depraved* [8] - шығармасы бірінші тұлғадағы баяндаудың, ирония мен гиперболаның, сондай-ақ репортердің психологиялық күйін мәтіннің құрылымдық элементіне айналдырудың үлгісін көрсетті. Бұл тәсіл журналисттің бейтарап бақылаушы рөлінен бас тартып, оқиға кеңістігіне белсенді қатысушыға айналуын айқындады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, мұндай стильдік радикализм жаңа журналистиканың ішкі қайшылықтарынан туындаған құбылыс болды, бір жағынан – объективтілік туралы кәсіби риторика, екінші жағынан – публицистиканың көркемдік және субъективтік мүмкіндіктерін кеңейту

талпынысы [9]. Нәтижесінде гонзо-журналистика авторлық менді мәтіннің орталық ұйымдастырушы принципіне айналдырып, репортажды дерек пен интерпретацияның шекарасын әдейі бұзатын форма ретінде қалыптастырды.

Осылайша, Т. Вулф ұсынған авторлық интонация мен нарративтік еркіндік қағидалары Х. Томпсон шығармашылығында шегіне жеткізіліп, журналистік мәтіннің эстетикалық және идеологиялық табиғатын қайта пайымдауға негіз қалады. Гонзо-журналистика тек стильдік құбылыс емес, журналистің кәсіби өзін-өзі танытуының жаңа моделі ретінде орнықты.

Өз кезегінде, Ж. Горбах гонзо-журналистиканы әдеби журналистика эволюциясының логикалық жалғасы ретінде қарастырып, оны дерек пен субъективті баяндаудың синтезіне негізделген форма деп сипаттайды. Зерттеуші Б. Хект тәжірибесін талдай отырып, репортаждың объективті ақпарат жеткізу шеңберінен шығып, авторлық интерпретация мен көркемдік тәсілдерге сүйенетін гибридік модельге айналғанын атап өтеді. Оның пайымдауынша, дәл осындай нарративтік еркіндік пен авторлық *меннің* белсенді позициясы кейін Томпсон шығармашылығында шегіне жеткізіліп, гонзо-журналистиканың қалыптасуына негіз болды [10]. Бұл тұжырым гонзоны жеке стильдік эксперимент емес, журналистиканың ішкі жанрлық трансформациясының нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ал Ресейлік зерттеулердегі гонзо-журналистиканы қарастыратын болсақ, олар зерттеушілер гонзо-журналистиканы ең алдымен бейресми медиабағыт, авторлық субъективтілікке негізделген публицистикалық форма ретінде түсіндіреді. Олар бұл құбылысты классикалық журналистиканың объективтілік қағидаларына қарсы қойылған, эмоциялық, ирониялық және еркін стильге сүйенетін дискурстық модель деп сипаттайды. С.А. Базикян мен А.А.Фильченкова гонзоны Ресей жағдайында институционалданбағанымен, блогосфера мен онлайн-медиа кеңістігінде таралған бағыт ретінде қарастырады. Авторлар гонзо мәтіндерінің басты белгілері ретінде баяндаудың субъективті стилін, ирония мен сарказмды, сюжет құрылымының әдейі бұзылуын және оқиға орталығына автордың жеке менінің шығуын атап көрсетеді [11, 9 б.]. Бұл пайым ресейлік ғылыми ортада гонзо ең алдымен авторлық позицияның күшеюі ретінде қабылданатынын көрсетеді. Алайда зерттеушілер Ресей медиасында гонзо толыққанды жанр деңгейіне жете қоймағанын, оның көбіне стильдік радикализм мен эмоциялық экспрессия шеңберінде қалып отырғанын атап өтеді. Олардың қорытындысы бойынша, гонзо Ресейде негізінен блогосферада дамып келеді және оның болашағы авторлық еркіндік пен кәсіби жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға байланысты

И.Н. Демина және А.С. Копылова пікірінше, гонзо-журналистика – бұл автор басты кейіпкерге айналатын, ал фактілерден гөрі автордың жеке бағасы мен субъективті қабылдауы маңызды рөл атқаратын журналистика формасы [12, 132 б.]. Бұл тұжырым гонзо мәтіндерінде объективті

баяндаудан гөрі интерпретацияның басымдығын көрсетеді. Автор оқиғаға сырттай бақылаушы емес, тікелей қатысушы ретінде енеді, соның нәтижесінде мәтін деректік хабарламадан гөрі жеке тәжірибеге негізделген дискурсқа айналады. Ресейлік медиакеңістікте мұндай тәсіл көбіне көркем публицистика, авторлық колонка және эссе форматында көрініс табады. Гонзо ресейлік журналистикада әзірге дербес, толық қалыптасқан жанр ретінде емес, көркем-публицистикалық мәтіннің ішіндегі стильдік бағыт ретінде дамып келеді. Бұл жағдай гонзонның ұлттық медиамәдениет контекстінде трансформацияланып, блогосфера мен авторлық медиаплатформаларда белсендірек қолданылуына жол ашқанын аңғартады.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте гонзо-журналистика мәселелері жаңа медианың дамуымен, блогосфера және азаматтық журналистика құбылыстарымен байланысты қарастырылады. Н.О. Омашев, С.Қ. Қозыбаев, М.Х. Саудбаев, Б.А. Мұсаева еңбектерінде қазіргі қазақстандық медиада авторлық көзқарастың күшеюі мен дәстүрлі журналистика нормаларының өзгеріске ұшырауы жалпы үрдіс ретінде сипатталады. Бұл еңбектерде гонзо тікелей зерттелмесе де, жанрдың пайда болуына негіз болған медиаорта факторлары айқындалады.

Жалпы алғанда, ғылыми әдебиеттерді талдау гонзо-журналистиканың тек стильдік ерекшелік емес, журналистиканың танымдық және коммуникативтік функцияларын қайта қарастыруға ықпал еткен дербес бағыт екенін көрсетеді. Әртүрлі зерттеушілер еңбектерінде гонзо журналистиканың авторлық субъективтілікке, эмоциялық тәжірибеге және нарративтік еркіндікке негізделгені ортақ тұжырым ретінде қалыптасқан. Бұл бағыт қазіргі медиакеңістікте оқырманмен сенімді әрі тікелей байланыс орнатудың тиімді құралы ретінде бағаланады.

Гонзо-репортаж – қазіргі медиакеңістікте дербес публицистикалық модель ретінде орнығып келе жатқаны көрінеді. Алайда бұл құбылысты тек стильдік жаңалық ретінде емес, журналистиканың теориялық қағидалары тұрғысынан бағалау маңызды. Ең алдымен, гонзо-журналистика классикалық объективтілік принципіне балама ұстаным ұсынады. Дәстүрлі журналистикада автор ақпарат тасымалдаушы рөлін атқарса, гонзо мәтінде автор интерпретатор әрі бағалаушы позициясына шығады. Бұл ерекшелік М.Б. Шиндалиеваның еңбегінде де аталып өтеді [2, 139 б.]. Гонзо стилінде журналист оқиғаға тікелей араласып, эмоциясын жасырмайды және баяндаудың субъективті моделін ұстанады. Біздің талдауымызда Х. Томпсон мәтіндерінен алынған мысалдар осы теориялық тұжырымды нақты дәлелдеді, бірінші жақтағы баяндау, гиперболалық метафоралар және ирониялық бағалау – барлығы авторлық *меннің* үстемдігін көрсетеді.

Бұл бағыттың танымдық табиғатының өзгеруі туралы зерттеушілер П.М. Әбенова мен Г.К. Қожбаева былай деп атап көрсетеді: *Гонзо-репортаж фактологиялық объективтілік идеясын автор «тәжірибелік сенімділік»*

(*experiential credibility*) деп атайтын ұғыммен алмастырады, мұнда шындық оқиғадан ашақтау арқылы емес, оны тікелей бастан кешіру арқылы құрастырылады [13, 109 б.]. Бұл анықтама гонзо-журналистің неліктен фактілерді жай ғана тіркеуден бас тартып, оқиғаның эпицентріне еруге ұмтылатынын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Сонымен, *тәжірибелік сенімділік* ұғымы гонзо-мәтінге классикалық репортажға тән емес экзистенциалдық тереңдік пен авторлық айғақтық сипат береді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында гонзо-журналистиканың артықшылықтары мен шектеулері қатар анықталды. Артықшылығы – мәтіннің әсерлілігі, аудиториямен эмоционалдық байланыс орнатуы, қоғамдық мәселелерге бейжай қарамауға шақыруы. Ал шектеуі – объективтілік талаптарының әлсіреуі және факті мен интерпретацияның ара-жігінің көмескіленуі. Нәтижелері келесі кестеде берілген:

Кесте 1. Гонзо-репортаждың лингвистикалық ерекшеліктері

Денгейі	Ерекшелігі
Прагматикалық	Авторлық <i>меннің</i> белсенділігі
Нарративтік	Автордың оқиғаға қатысуы
Лексикалық	Бағалауыш және экспрессивті лексика
Стилистикалық	Метафора, гиперболо, ирония
Синтаксистік	Еркін және бейресми синтаксис
Дискурстық	Факт пен интерпретацияның тоғысуы

Жүргізілген зерттеу мен мәтіндік талдау гонзо-журналистиканың қазіргі медиакеңістікте дербес жанрлық модель ретінде қалыптасқанын көрсетті. Бұл бағытта журналист дәстүрлі репортаждағыдай сыртқы бақылаушы қызметін атқармайды, керісінше оқиғаның тікелей қатысушысы әрі интерпретаторы ретінде әрекет етеді. Соның нәтижесінде медиамагнаты ақпаратты бейтарап жеткізудің құралы болудан гөрі, автордың жеке тәжірибесі мен субъективті қабылдауын бейнелейтін дискурстық кеңістікке айналады.

Талдау барысында ең алдымен баяндаудың бірінші жақ формасының тұрақты қолданылуы анықталды. Гонзо мәтіндерінде автор *мен* немесе *біз* позициясынан сөйлеп, өзін оқиға ортасына әдейі енгізеді. Мәселен, Х.Томпсонның *The Curse of Lono* еңбегінде марафонды сипаттау кезінде: *But not us, Ralph. We will come out of the blocks like human torpedoes...* [4, 4 б.].

Бұл сөйлем гонзо-журналистиканың негізгі маркерлерін айқын көрсетеді. *But not us, Ralph* тіркесіндегі *us* есімдігі журналисті сыртқы бақылаушы емес, оқиға ішіндегі қатысушы ретінде танытады *Біз емес, Ральф*. Мұнда автор бейтарап баяндаудан бас тартып, тәжірибені өз атынан емес, ұжымдық *біз* формасында ұсынады, бұл оқырманды мәтінге эмоционалдық тұрғыдан жақындатады. *We will come out of the blocks* – *Біз*

старттан шығамыз деген құрылым жарысты сипаттаудың классикалық репортаждық моделін бұзып, хроникалық баяндауды ішкі перспективамен алмастырады. Ал *like human torpedoes* – *адам торпедалары сияқты* гиперболалық метафорасы нақты деректен гөрі әсерге жұмыс істейді, жылдамдықты өлшем бірлігімен емес, бейнелі ассоциация арқылы береді. Осылайша бірінші жақтағы баяндау, автордың оқиғаға тікелей қатысуы және экспрессивті метафора – гонзо стилінің басты белгілері ретінде көрінеді, мәтін ақпарат беруден гөрі авторлық тәжірибені сезіндіруге бағытталады.

There was a fantastic universal sense that whatever we were doing was right, that we were winning... [4, 68 б.] – бұл сөйлем де гонзо-журналистиканың негізгі маркерлерін айқын көрсетеді. *There was a fantastic universal sense* тіркесі оқиғаны сыртқы факт ретінде емес, автордың субъективті қабылдауы арқылы береді – *Ғажайып, бәрін қамтыған бір сезім болды*. Мұнда нақты дерек, статистика немесе объективті сипаттама жоқ, керісінше эмоционалдық күй алдыңғы орынға шығады. *whatever we were doing* құрылымындағы *we* есімдігі журналисті бейтарап бақылаушы емес, әрекеттің тікелей қатысушысы ретінде танытады – *біз не істеп жүрсек те*. Бұл ұжымдық біз формасы автор мен кейіпкерлер арасындағы шекараны жояды және оқырманды сол тәжірибенің ішіне енгізеді. Ал *that we were winning* тіркесі *біз жеңіп жатырмыз* объективті нәтиже емес, ішкі сенім мен эмоциялық иллюзияны білдіреді. Мұнда жеңіс фактісі дәлелденбейді, ол психологиялық күй ретінде ұсынылады. Осылайша бірінші жақтағы баяндау, эмоциялық қабылдаудың үстемдігі және шындықты субъективті интерпретациялау – гонзо стилінің басты белгілері ретінде көрінеді: мәтін оқиғаны тіркеуден гөрі сол сәттегі авторлық сана мен тәжірибені жеткізуге бағытталады.

Осыған ұқсас жағдай Т. Хантердің *The Curse of Lono* шығармасында да байқалады. Мотоциклшілер қозғалысын сипаттауда автор былай жазады: *...running fast and loud on the early morning freeway..., ...like Genghis Khan on an iron horse... like a burst of dirty thunder...* [4, 59 б.].

Бұл үзінді гонзо-журналистиканың экспрессивті бейнелеу тәсілін айқын көрсетеді. *running fast and loud on the early morning freeway* тіркесі қозғалысты жай ғана *жылдам жүрді* деп хабарламай, дыбыстық және динамикалық әсер арқылы береді *таңғы тасжолмен гүрілдеп зулап өтті*. Мұнда фактінің өзі емес, оның акустикалық және кинетикалық әсері маңызды, *like Genghis Khan on an iron horse* салыстыруы *темір ат мінген Шыңғыс хан секілді* тарихи-мифологиялық ассоциация тудырып, мотоциклшілерді жаугершілік символымен теңестіреді, бұл – гиперболалық метафора, нақты сипаттамадан гөрі эмоциялық образ құруға бағытталған. Ал *like a burst of dirty thunder* – *лас найзағайдай жарқ өтті* тіркесі дыбыспен күшті табиғи апат образы арқылы күшейтеді, қозғалысты деректік емес, стихиялық құбылыс ретінде ұсынады. Осылайша метафора, гипербола және

дыбыстық образдар арқылы мәтін хронологиялық дәл баяндаудан алшақтап, эстетикалық-экспрессивті сипатқа ие болады. Бұл гонзо-журналистиканың басты маркерлерінің бірі – деректі авторлық қабылдау арқылы көркем трансформациялау – айқын көрінетін тұс.

Экспрессивтілікке қоса, гонзо репортажда ирония мен сарказм маңызды рөл атқарады. *Generation of Swine: Tales of Shame and Degradation in the '80s* жинағының өз атауы қоғамдағы саяси және мәдени құбылыстарға мысқыл арқылы баға беретінін аңғартады [5, 14 б.]. Автор әлеуметтік шындықты бейтарап сипаттамай, оны ұят, азғындау секілді бағалауыш ұғымдармен береді. Мұндай тәсіл журналистік мәтінді ақпарат жеткізу формасынан сыни публицистика формасына ауыстырады, яғни гонзо стилінде тіл тек хабарлау құралы емес, авторлық позицияны білдіру тетігі ретінде қызмет етеді.

Гонзо мәтіндерінің тағы бір айқын белгісі - сөйлеу тіліне жақын, бейресми синтаксис пен еркін лексика. *The Proud Highway* хаттарында автор эмоциясын қысқа, үзік, экспрессивті репликалар арқылы береді: *Jesus, what a mess...* [6, 214 б.]. Бұл сөйлем гонзо стилінің ауызекі дискурсқа тән маркерлерін көрсетеді. *Jesus* одағайы *Құдай-ай* - әдеби бейтарап баяндауға тән емес, тікелей эмоциялық реакцияны білдіретін сөйлеу элементі. Мұнда хабарлау емес, күйзеліс пен ашу алдыңғы орынға шығады, *what a mess* тіркесі *неткен былық* бағалауыш сипатқа ие, нақты жағдайды сипаттамайды, керісінше оған субъективті баға береді. Сөйлем құрылымы грамматикалық тұрғыдан толық емес, лепті интонацияға құрылған; бұл жазба мәтінді тірі ауызша сөзге жақындатады.

Осылайша, қысқа реплика, одағай қолдану, бағалауыш лексика және синтаксистік ықшамдық – гонзо мәтіндеріндегі бейресми стильдің негізгі көрсеткіштері. Автор эмоциясын редакциялық сүзгіден өткізбей, сол сәттегі психологиялық күйін тікелей береді. Нәтижесінде мәтін ресми публицистикалық баяндаудан алшақтап, жеке тәжірибенің спонтанды көрінісіне айналады, ал оқырман оны ақпарат ретінде емес, автордың ішкі монологы ретінде қабылдайды.

Томпсон шығармаларында жиі кездесетін мындағы *Fuck it, we'll do it live, This whole thing is a goddamn nightmare, What the hell are we doing here, It was a rotten deal from the start, To hell with them all* сияқты репликалар гонзо-журналистикаға тән ауызекі, экспрессивті және нормативтік шектеулерден еркін лексиканың үлгілері болып табылады. Мұнда инвективті элементтер *fuck, goddamn, hell*, эмоциялық лепті құрылымдар және риторикалық сұрақтар автордың ішкі күйзелісі мен ашуын тікелей жеткізуге қызмет етеді. Гонзо мәтіндерінде мұндай дәрекі немесе жаргондық тіркестер жиі қолданылып, бейтарап журналистік тіл нормасын әдейі бұзады, бұл – авторлық субъективтілікті күшейтетін және мәтінді *тірі сөйлеу* формасына жақындататын стильдік маркер. Осындай лексика фактіге қарағанда

эмоционалдык реакцияны алдыңғы орынға шығарып, баяндауды деректік сипаттан гөрі психологиялық тәжірибе деңгейіне ауыстырады. Алайда қазақ тіліне аударуда және қазақстандық медиамәдениет контексінде мұндай бірліктер көбіне семантикалық тұрғыдан жұмсартылып беріледі. Мысалы, *Құрысын, сұмдық жағдай, не істеп жүрміз өзі, бастан-ақ сәтсіз келісім, бәрін тастай сал* – өйткені ұлттық медиа дискурсында ашық обценді лексика нормативтік және этикалық шектеулерге байланысты бәсеңдетіліп қолданылады. Соған қарамастан, бастапқы мәтіндегі экспрессивтілік пен ауызекі интонация гонзо стилінің тұрақты белгісі ретінде сақталады.

Сонымен қатар гонзо мәтіндерінде дерек пен жеке тәжірибе өзара араласып кететінін көруге болады. *The Proud Highway* шығармасында журналистік орта: *drifters, dreamers, degenerates...* [6, 64 б.]. Мұнда әлеуметтік шындық нақты статистика немесе ресми дерекпен емес, бірақ *кезбелер, арманышылдар, азғындар* автордың қабылдау сүзгісі арқылы беріледі. Бұл гонзо-журналистиканың деректі және көркем баяндау элементтерін біріктіретін гибридік табиғатын дәлелдейді.

Қазақстандық медиа кеңістікте де гонзо репортаждың элементтерді кездеседі, бірақ кең қолданысқа ие емес. Дегенмен, Қазақстандық медиа кеңістікте таралған жаңалықтарды қарастырып көрсек, зерттеу аясында біз гонзо-журналистикаға тән белгілері бар, атап айтқанда, авторлық субъективті баяндау, эмоциялық-экспрессивтік лексика, бағалауыш тілдік бірліктер, дискурстық фрагментарлық, публицистикалық интерпретация және классикалық объективті репортаждан ауытқу белгілері бар мысалдарды іріктеп алдық.

Мысалы, Айқын газетінің авторлық бағандарында субъективті интонация мен бағалауыш реңк айқын көрінетін мәтіндер кездеседі: *Мен бұл реформаның халыққа шынайы пайда әкелетініне әлі де күмәнмен қараймын. Себебі қағаз жүзіндегі әдемі есеп пен ауылдағы нақты жағдай екі бөлек дүние.*

Бұл үзіндіде бірінші жақтағы *мен* формасы журналисті бейтарап бақылаушы емес, пікір иесі ретінде танытады. *Күмәнмен қараймын* тіркесі автордың эмоциялық-позициялық қатынасын ашық білдіреді, ал *екі бөлек дүние* деген бағалауыш метафора фактіге емес, интерпретацияға негізделген. Мұндай баяндау классикалық ақпараттық стильден алшақтап, субъективті тәжірибені алдыңғы орынға шығарады.

Астанатаймс ресми жаңалықтар порталдарында, пікірлер бөлімінде келесіндей мысалдар кездеседі: *The night Jennifer Lopez came to Astana, the city was different. The streets were crowded with people from all of Kazakhstan...* Бұл сөйлемде автор оқиғаға тек фактпен емес, атмосфера мен жеке қабылдауды қосып бейнелейді. Мұндай тәсіл – классикалық жаңалық репортажындағы бейтарап баяндаудан өзгеше, оқиғаны субъективті сезім мен жеке тәжірибемен баяндау. Мұндай авторлық баяндаулар қазақстандық

медидағы заманауи авторлық стильдерге тән және гонзо-журналистикаға жанамалай жақындайды деп қарастыруға болады.

Тағы бір мысалда Forbes Kazakhstan порталындағы *Cancel culture: Сергек қоғамның мәдени қарсылығы* атты мақалада, ақпарат бейтарап түрде ғана ұсынылмай, әлеуметтік құбылыс авторлық және қоғамдық қабылдау тұрғысынан сипатталады:

Бірі оны қоғамды жауапкершілікке шақыратын құрал ретінде қабылдаса, енді бірі еркін пікір білдіруді тұншықтыратын орта деп бағалайды [14].

Мұнда журналист оқиғаны тек дерек деңгейінде бермей, қоғамдық эмоция мен мәдени қақтығысты алдыңғы орынға шығарады. Сонымен қатар мәтінде әлеуметтік құбылысты түсіндіру барысында бағалауыш лексика, мәдени аналогиялар және публицистикалық интерпретация кеңінен қолданылған. Аталған материалдағы тағы бір гонзоға жақын белгі – дискурстық фрагментарлық. Мақала құрылымында әлеуметтік желідегі пікірлер, сарапшылар көзқарасы, тарихи аналогиялар мен мәдени интерпретациялар қатар беріледі. Бұл классикалық репортаждағыдай қатаң хронологиялық баяндаудан гөрі, постмодернистік медиамәтінге тән көпқабатты нарративтік құрылымды көрсетеді. Сонымен бірге мәтінде авторлық интонация сақталып, қоғамдық құбылысқа қатысты эмоциялық реңк айқын сезіледі, ол – гонзо дискурстың негізгі белгілеріне сәйкес келеді.

Осыған ұқсас баяндау моделі 2026 жылы *masa.media* порталындағы: *Желі мен ЖИ өсірген буын: зумерлер мен альфа-қрпақ мамандық таңдауда неден қиналады?* – атты мақалада гонзо-журналистикаға тән белгідер жиі кездеседі, тіпті мақаланың тақырыбы экспрессивті публицистикалық сипатта, метафора мен бағалаушы бағытта ұсынылған. Мысалы, *терең ойлана алмайды, ақпаратты үстірт қабылдайды, эмоция әсерімен шешім қабылдайды...*[15].

Мұнда бағалауыш тіркестер бейтарап ғылыми баяндаудан гөрі публицистикалық интерпретацияға жақын. Бұл тәсіл гонзо-журналистикадағы авторлық позицияның күшеюін еске салады.

Осы мысалдарды кешенді талдау гонзо-журналистиканың тұрақты тілдік және жанрлық белгілерін айқындауға мүмкіндік берді. Оның ішінде, бірінші жақтағы баяндау, экспрессивті метафоралар, гиперболалық бейнелеу, ирониялық бағалау, ауызекі сөйлеу элементтері және композициялық еркіндік. Бұл ерекшеліктер өзара байланыса отырып, гонзо мәтінді дәстүрлі объективті репортаждан түбегейлі ажыратады және оны авторлық тәжірибеге негізделген публицистикалық форма ретінде сипаттайды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер гонзо-журналистиканың тек стильдік ерекшелік емес, журналистік коммуникацияның балама моделі екенін көрсетеді. Бұл бағытта ақпарат фактілер жиынтығы ретінде емес, автордың субъективті тәжірибесі арқылы интерпретацияланған

шындық ретінде ұсынылады. Сондықтан гонзо-журналистиканы қазіргі медиамәдениеттегі авторлық публицистиканың дербес әрі функционалды жанры ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді деп қорытынды жасауға болады.

Жүргізілген талдау гонзо-репортаждың қазіргі медиадискурста дербес баяндау моделі ретінде қалыптасқанын көрсетті. Зерттеу барысында оның негізгі тілдік және стильдік белгілері ретінде бірінші жақтағы баяндау, авторлық субъективтіліктің басымдығы, экспрессивті метафоралық қолданыстар, ирония, ауызекі сөйлеу элементтері, сондай-ақ дерек пен интерпретацияның тоғысуы айқындалды. Сонымен қатар гонзо мәтіндердің дәстүрлі репортаждан тек стилистикалық тұрғыдан ғана емес, прагматикалық тұрғыдан да ерекшеленетіні анықталды, өйткені олар бейтарап ақпарат жеткізуден гөрі авторлық тәжірибені жеткізуге бағытталады. Зерттеу нәтижелері қазақстандық медиакөністікте гонзо элементтері кездескенімен, оның толық қалыптасқан жанрлық модель ретінде орнықпағанын көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында гонзо-журналистиканың қалыптасу алғышарттары, теориялық негіздері және тілдік-стильдік ерекшеліктері кешенді түрде талданды. Х. Томпсон шығармалары негізінде жүргізілген мәтіндік талдау нәтижесінде гонзо стиліне тән негізгі белгілер айқындалды, оның ішінде, бірінші жақтағы баяндау, авторлық субъективтіліктің басымдығы, экспрессивті лексика, гипербола мен иронияның белсенді қолданылуы, ауызекі сөйлеу элементтері және композициялық еркіндік.

Зерттеу нәтижелері гонзо-журналистиканың тек стильдік ерекшелік емес, журналистік коммуникацияның балама моделі екенін көрсетті. Гонзо мәтіндерінде ақпарат бейтарап дерек ретінде емес, автордың жеке тәжірибесі мен субъективті интерпретациясы арқылы ұсынылатыны анықталды. Осыған байланысты гонзо-репортаж дәстүрлі объективті репортаждан баяндау құрылымы, прагматикалық әсері және авторлық позициясының белсенділігі арқылы ерекшеленетіні дәлелденді.

Сонымен қатар зерттеу барысында гонзо-журналистиканы талдауда лингвостилистикалық, дискурстық және салыстырмалы әдістерді кешенді қолданудың тиімділігі айқындалды. Жүргізілген талдау гонзо мәтіндеріндегі тұрақты тілдік және дискурстық модельдерді жүйелеуге мүмкіндік берді.

Қазақстандық медиакөністікті қарастыру нәтижесінде гонзо элементтерінің блогосферада, авторлық колонкаларда және цифрлық медиада фрагментарлы түрде көрініс табатыны анықталды. Алайда бұл бағыттың отандық журналистикада толық қалыптасқан дербес жанр деңгейіне әлі жете қоймағаны байқалды.

Осылайша, зерттеу гонзо-журналистиканы қазіргі медиадискурстағы авторлық субъективтілікке негізделген дербес публицистикалық форма ретінде қарастыруға болатынын және оның қазіргі медиамәдениеттегі трансформациялық үдерістермен тығыз байланысты екенін көрсетті.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Wolfe T. The New Journalism. – New York: Harper & Row, 1973. – 394 p.
- [2] Шиндалиева М. Б. Гонзо-журналистика // Вестник Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева. Серия: Журналистика. – 2024. – № 3 (148). – С. 135-147. DOI: 10.32523/2616-7174-2024-148-3-135-149.
- [3] Жумабаева Д. Е., Загидуллина А. А. Американдық жаңалықтар басылымдарындағы гендерлік бағыттағы дискурстар // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2026. – № 1 (80). – С. 183-201.
- [4] Thompson H. S. The Curse of Lono. – New York: Simon & Schuster, 1983. – 206 p.
- [5] Thompson H. S. Generation of Swine: Tales of Shame and Degradation in the '80s. – New York: Summit Books, 1988. – 336 p.
- [6] Thompson H. S. The Proud Highway: Saga of a Desperate Southern Gentleman 1955-1967. – New York: Ballantine Books, 1997. – 683 p.
- [7] Hoover S. Hunter S. Thompson and Gonzo Journalism: A Research Guide // Reference Services Review. – 2009. – Vol. 37, No. 3. – Pp. 326-339. https://oasis.library.unlv.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1106&context=lib_articles 28.01.2026.
- [8] Thompson H. S. The Kentucky Derby Is Decadent and Depraved // Scanlan's Monthly. – 1970. – June. <http://brianb.freeshell.org/a/kddd.pdf> 28.01.2026
- [9] Underwood D. Journalism and the Novel: Truth and Fiction, 1700–2000. – Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – 256 p. DOI: 10.1017/SVO9780511551833
- [10] Gorbach J. The Old New Journalist: Ben Hecht and the Roots of Gonzo Journalism // Literary Journalism Studies. – 2012. – Vol. 4, No. 1. – Pp. 21-40. https://d1wqtxts1xzle7.cloudfront.net/56661881/The_Old_New_Journalist-libre.pdf 28.01.2026.
- [11] Базикян С. А., Фильченкова А. А. Гонзо-журналистика в России // Ученые записки Новгородского государственного университета. – 2015. – № 2 (2). – С. 1-13.
- [12] Демина И.Н., Копылова А.С. Гонзо-журналистика как современный способ художественного отображения действительности // Вестник ВУиТ. – 2023. – № 2 (41). – С. 142-152. DOI: 10.51965/2076-7919_2023_2_2_142.

[13] Abenova P., Kozhbayeva G. Linguocultural Challenges in Translating Gonzo Reportage // *XLinguae*. – 2026. – Vol. 19, Issue 2. – Pp. 109-125. DOI: 10.18355/XL.2026.19.02.07.

[14] Cancel culture: сергек қоғамның мәдени қарсылығы. <https://forbes.kz/articles/cancel-culture-sergek-kogamnyn-madeni-karsylygy-f59eee> 25.05.2026.

[15] Желі мен ЖИ өсірген буын: Зумерлер мен альфа-ұрпақ мамандық таңдауда неден қиналады? // *masa.media*. <https://masa.media/kz/site/zheli-men-zhi-sirgen-buyn-zumerler-men-alfa-urpa-mamandy-tadauda-neden-inalady> 25.05.2026.

REFERENCES

[1] Wolfe T. *The New Journalism*. – New York: Harper & Row, 1973. – 394 p.
[2] Shindalievа M. B. Gonzo-zhurnalistsika [Gonzo Journalism] // *Vestnik Evraziyskogo nacional'nogo universiteta im. L. N. Gumileva. Seriya: Zhurnalistsika*. – 2024. – № 3 (148). – С. 135-147. DOI: 10.32523/2616-7174-2024-148-3-135-149.

[3] Zhumabaeva D. E., Zagidullina A. A. Genderno-orientirovannye diskursy v amerikanskikh novostnykh izdaniyakh [Gender-Oriented Discourses in American Media News] // *Vestnik Kazahskogo universiteta mezhdunarodnykh otnoshenij i mirovykh yazykov imeni Ablai khana. Seriya: Filologicheskie nauki*. – 2026. – № 1 (80). – С. 183-201. DOI: 10.48371/PHILS.2026.1.80.011.

[4] Thompson H. S. *The Curse of Lono*. – New York: Simon & Schuster, 1983. – 206 p.

[5] Thompson H. S. *Generation of Swine: Tales of Shame and Degradation in the '80s*. – New York: Summit Books, 1988. – 336 p.

[6] Thompson H. S. *The Proud Highway: Saga of a Desperate Southern Gentleman 1955-1967*. – New York: Ballantine Books, 1997. – 683 p.

[7] Hoover S. Hunter S. Thompson and Gonzo Journalism: A Research Guide // *Reference Services Review*. – 2009. – Vol. 37, No. 3. – Pp. 326-339. https://oasis.library.unlv.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1106&context=lib_articles 28.01.2026.

[8] Thompson H. S. *The Kentucky Derby Is Decadent and Depraved* // *Scanlan's Monthly*. – 1970. – June. <http://brianb.freeshell.org/a/kddd.pdf> 28.01.2026.

[9] Underwood D. *Journalism and the Novel: Truth and Fiction, 1700–2000*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – 256 p. DOI: 10.1017/CBO9780511551833.

[10] Gorbach J. *The Old New Journalist: Ben Hecht and the Roots of Gonzo Journalism* // *Literary Journalism Studies*. – 2012. – Vol. 4, No. 1. – Pp. 21-40. https://d1wqtxts1xzle7.cloudfront.net/56661881/The_Old_New_Journalist-libre.pdf 28.01.2026.

[11] Bazikyan S. A., Fil'chenkova A. A. Gonzo-zhurnalistika v Rossii [Gonzo Journalism in Russia] // Uchenye zapiski Novgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2015. – № 2 (2). – С. 1-13.

[12] Demina I.N., Kopylova A.S. Gonzo-zhurnalistika kak sovremennyyi sposob khudozhestvennogo otobrazheniya deystvitel'nosti [Gonzo Journalism as a Modern Method of Artistic Representation of Reality] // Vestnik VUiT. – 2023. – № 2 (41). – С. 142-152. DOI: 10.51965/2076-7919_2023_2_2_142. [in Rus.]

[13] Abenova P., Kozhbayeva G. Linguocultural Challenges in Translating Gonzo Reportage // XLinguae. – 2026. – Vol. 19, Issue 2. – Pp. 109-125. DOI: 10.18355/XL.2026.19.02.07.

[14] Cancel culture: Madeni qarsylyqtyn sergek qogamy [Cancel Culture: Cultural Resistance of a Vigilant Society] // Forbes Kazakhstan. <https://forbes.kz/articles/cancel-culture-sergek-kogamnyn-madeni-karsylygy-f59eee> 25.05.2026.

[15] Zheli men ZhI osirgen buyn: zumerler men alfa-urpaq mamandyq tандауда neden qiynalady [The Generation Raised by the Internet and AI: Why Zoomers and the Alpha Generation Struggle with Career Choice] // masa.media. <https://masa.media/kz/site/zheli-men-zhi-sirgen-buyn-zumerler-men-alfa-rpamamandy-tандауда-neden-inalady> 25.05.2026.

ГОНЗО-РЕПОРТАЖ В СОВРЕМЕННОМ МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ

Әбенова П.М.¹, *Кожбаева Г.К.²

^{1, *2} Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В современном медиапространстве традиционные формы журналистского повествования претерпевают трансформацию, в результате чего формируются новые жанры, основанные на авторской субъективности. Одним из таких направлений является гонзо-журналистика, которая отличается тем, что опирается не на нейтральную передачу информации, а на личный опыт и эмоциональное восприятие автора. В данном жанре журналист выступает не внешним наблюдателем, а непосредственным участником и интерпретатором событий. В этой связи исследование гонзо-журналистики в теоретическом и прикладном аспектах представляется актуальным.

Цель исследования – охарактеризовать гонзо-журналистику как самостоятельный жанр в современном медиапространстве, выявить предпосылки ее формирования, языково-стилистические особенности и проявления в казахстанской медиакультуре. В работе применяются лингвостилистический и сравнительно-описательный методы, проведен анализ репрезентативного корпуса текстов на основе произведений Х. С. Томпсона. Также гонзо-журналистика сопоставляется с традиционным репортажем, что позволило определить ее дискурсивные и прагматические особенности.

В ходе исследования были проанализированы жанровая природа гонзо-журналистики, её языковые и стилистические особенности, а также её функционирование в современном медиапространстве. В качестве основных задач рассматривались выявление предпосылок формирования гонзо-журналистики, определение её отличий от традиционного репортажа, систематизация языковых и дискурсивных признаков, характерных для гонзо-текстов, а также описание проявления элементов гонзо в казахстанских медиа.

В результате исследования установлено, что основными признаками гонзо-текстов являются повествование от первого лица, доминирование авторской субъективности, экспрессивная лексика, активное использование гиперболы и иронии, а также синтаксическая свобода и элементы разговорной речи. Показано, что гонзо-журналистика представляет собой не только способ передачи информации, но и особую форму интерпретации авторского опыта. Вместе с тем выявлено, что в казахстанском медиапространстве элементы гонзо носят фрагментарный характер и пока не сформированы в полноценную жанровую модель.

Научная новизна исследования заключается в систематизации жанровой природы гонзо-журналистики с лингвостилистической точки зрения и ее обосновании как трансформационного явления современного медиадискурса. Теоретическая значимость работы связана с уточнением роли субъективности в журналистском повествовании, а практическая – с возможностью применения результатов в анализе медиатекстов, переводоведении и медиаобразовании.

Ключевые слова: гонзо-журналистика, гонзо-репортаж, авторская субъективность, нарратив, медиакультура, лингвостилистический анализ медиатекста, медиаперевод, казахстанское медиапространство

GONZO REPORTAGE IN THE CONTEMPORARY MEDIA SPACE

Abenova P.M.¹, *Kozhbayeva G.K.².

^{1,*2} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the contemporary media landscape, traditional forms of journalistic narration are undergoing significant transformation, leading to the emergence of new genres based on authorial subjectivity. One of these is gonzo journalism, which is characterized by its reliance not on neutral information delivery but on the author's personal experience and emotional perception. Within this genre, the journalist acts not as an external observer but as a direct participant and interpreter of events. In this regard, the study of gonzo journalism from both theoretical and applied perspectives is highly relevant.

The aim of this study is to define gonzo journalism as an independent genre in modern media, to identify the prerequisites of its formation, its linguistic and

stylistic features, and its manifestations in Kazakh media culture. The research employs linguistic-stylistic and comparative-descriptive methods, including an analysis of a representative corpus of texts based on the works of H. S. Thompson. In addition, gonzo journalism is compared with traditional reportage to determine its discursive and pragmatic characteristics.

During the research, the genre nature of gonzo journalism, its linguistic and stylistic features, and its function in the modern media space were analyzed. The main objectives included identifying the prerequisites for the emergence of gonzo journalism, determining its differences from traditional reportage, systematizing the linguistic and discursive features characteristic of gonzo texts, as well as describing the manifestation of gonzo elements in the Kazakhstani media.

The findings reveal that the key features of gonzo texts include first-person narration, the dominance of authorial subjectivity, expressive vocabulary, the active use of hyperbole and irony, as well as syntactic flexibility and elements of colloquial speech. The analysis demonstrates that gonzo journalism functions not only as a means of information delivery but also as a distinct form of interpreting personal experience. At the same time, the study shows that in Kazakh media space, gonzo elements appear in a fragmented manner and have not yet developed into a fully established genre.

The scientific novelty of the research lies in the systematization of the genre nature of gonzo journalism from a linguistic-stylistic perspective and its interpretation as a transformational phenomenon of modern media discourse. The theoretical significance of the study is related to clarifying the role of subjectivity in journalistic narration, while its practical value lies in the application of the findings in media text analysis, translation studies, and media education.

Keywords: gonzo journalism, gonzo reporting, authorial subjectivity, narrative, media culture, linguostylistic analysis of media texts, media translation, Kazakhstani media space

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 15.04.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Әбенова Перизат Мамыржанқызы – докторант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-2110-0207>, e-mail: abenova.p@gmail.com

Кожбаева Гульбахыт Канатовна – PhD, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-0451-5269>, e-mail: gkozhbaeva@gmail.com

Информация об авторах:

Әбенәва Перизат Мамыржанқызы – докторант, Қазақшый университет межунароуных отнәшений и мироуых язуков имени абылай хана, Алматы, Қазақштан, <https://orcid.org/0009-0009-2110-0207>, e-mail: abenova.p@gmail.com

Қожбаева Гульбахыт Канатовна – PhD, Қазақшый Университет Межунароуных Отнәшений и Мироуых Язуков имени Абылай хана, Алматы, Қазақштан, <https://orcid.org/0000-0002-0451-5269>, e-mail: gkozhbaeva@gmail.com

Information about the authors:

Abenova Perizat Mamyrgyzankizy – doctoral student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-2110-0207>, e-mail: abenova.p@gmail.com

Kozhbayeva Gulbakhyt Kanatovna – PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-0451-5269>, e-mail: gkozhbaeva@gmail.com